

«Бекітілді» 
МКҚК №29 «Нұрсая» бөбекжай-балабақшасы
№1 педагогикалық кеңесте
21 тамыз 2019 жыл
Шешімі негізінде №50 бұйрық



2019-2020 оқу жылындағы II кіші «Қошақан» тобына арналған перспективалық жоспары

«Бекітілді» 
 МКҚК №29 «Нурсая» бөбекжыл-баалабақшасы
 №1 педагогикалық кеңесте
 21 тамыз 2019 жыл
 Шешімі негізінде №50 бұйрық



II кіші топ «Өтпелі» тақырыптар

№	Айлар	Тақырыптар	Апталық тақырыптары
1	Қыркүйек	«Балабақша»	1. Менің балабақшам. 2. Менің сүйікті ойыншықтарым. 3. Біздің табиғат бұрышымыз. 4. Балабақшадағы үлкендердің еңбегі.
2	Қазан	«Менің отбасым»	1. Менің отбасым. 2. Менің көшем. 3. Мамандықтың бәрі жақсы. 4. Алтын күз.
3	Қараша	«Дені саудың жаны сау»	1. Пайдалы көкөністер. 2. Жеміс бағында. 3. Өзім туралы. Менің көмекшілерім. 4. Күн, ауа, су – біздің достарымыз.
4	Желтоқсан	«Менің Қазақстаным»	1. Менің Отаным Қазақстан. 2. Қазақстанның жануарлар әлемі. 3. Туған өлкенің өсімдіктері. 4. Ғажайып қыс.
5	Қаңтар	«Бізді қоршаған әлем»	1. Біз қалай киінеміз? (киім, аяқ киімдер). 2. Біздің үйдегі заттар (жиһаз) 3. Құыршақтың ыдыстары 4. Жүреді, жүзеді, ұшады
6	Ақпан	«Табиғат әлемі»	1. Қыс қызықтары. 2. Айналамыздағы өсімдіктер. 3. Жануарлар әлемі. 4. Құстар біздің досымыз.
7	Наурыз	«Салттар мен фольклор»	1. Аналар мерекесі. 2. Қазақ халық ауыз әдебиеті бізде қонақта. 3. Біздің салт – дәстүріміз. 4. Нұр төккен, гүл көктем.
8	Сәуір	«Табиғатты қорғап үйренейік»	1. Аялайық гүлдерді. 2. Шөпте не жорғалайды. (жәндіктер) 3. Жайлауға қонаққа барамыз. Жануарларға қамқорлық. 4. Табиғатты аялайық.
9	Мамыр	«Әрқашан күн сөнбесін!»	1. Достық біздің тірегіміз. 2. Ойнаймыз, танимыз, зерттейміз. 3. Үйдегі және көшедегі қауіпсіздік. 4. Көңілді жаз.

Екінші кіші топ 2019 жыл қыркүйек айы

Өтпелі тақырып «Балабақша»

Мақсаты: Балалардың балабақша өмірі туралы түсініктерін қалыптастыру. Балабақшаға деген сүйіспеншіліктерін арттыра отырып, балаларды көп нәрселерге үйрететенін және жақсылыққа тәрбиелейтін орын екенін түсіндіру.

Міндеттері:

- денсаулық сақтау технологиясы негізінде дене дағдылары мен негізгі қимыл түрлерін қалыптастыру;
- дидактикалық ойындар арқылы тілдік қарым –қатынас дағдыларын, сөздік қорларын қалыптастыру;
- өз достарымен бірігіп ойнау барысында балалардың танымдық қабілеттерін дамыту;
- балалардың эстетикалық қабылдауын қалыптастыру және шығармашылық әрекетті дамыту.

Апта	Тақырып	«Денсаулық»-3 Дене шынықтыру-3	«Коммуникация»-2 Сөйлеуді дамыту-1 Көркем әдебиет-0,5 Орыс тілі-0,5	«Таным»-2,5 Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру-1 Құрастыру-0,5 Жаратылыстану-1	«Шығармашылық»-3 Сурет салу-1 Мүсіндеу-0,25 Аппликация-0,25 Музыка-1,5	«Әлеумет»-0,5 Қоршаған ортамен танысу-0,25 Экология негіздері- 0,25
1 апта	Менің балабақшам	1.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Біз бақшаға барамыз» Мақсаты:Сапта бір-біреуден жүру және жүгіру. Қос аяқпен басты затқа тигізіп секіру. Қарама-қарсы отырып, аяқты алшақ ұстап допты домалату. 2. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Біз бақшаға барамыз» Мақсаты:Сапта бір-біреуден жүру және жүгіру. Қарама-қарсы отырып, аяқты алшақ ұстап допты домалату. 4-6 м арқашықтыққа еңбектеу. 3.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Біз бақшаға барамыз» Мақсаты:Сапта бір-біреуден жүру және жүгіру. 4-6 м арқашықтыққа еңбектеу. Қос аяқпен басты затқа тигізіп секіру.	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы:«Менің сүйікті балабақшам» Мақсаты: Балабақша туралы мағұлмат бере отырып, балалардың сүйіспеншілігін, балабақшаға деген қызығушылығын арттыру. Көркем әдебиет Тақырыбы:«Біздің балабақшада» М.Әлімбаев Мақсаты: Балаларға өлең жолдарын мәнерлей оқи отырып, балалардың тілдік қорларын дамыту.	Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру Тақырыбы: «Балабақша екінші үйім» Мақсаты: Балабақша туралы түсініктерін қалыптастыру«Көп», «Біреу» ұғымдарымен таныстыру, топтағы заттардан бір немесе көп заттарды тауып көрсетуге, топтағы біртекті заттардан топтар құрастыруға одан біреуін бөліп көрсетуге үйрету. Жаратылыстану Тақырыбы:«Топқа саяхат» Мақсаты: Балабақшаның топ бөлмесіндегі жабдықтармен (жиһаз, ойыншықтар, ыдыс аяқтар) таныстыру, олардың неге арналғандарын түсіндіру. Айналадағы қоршаған ортаға танымдық қызығушылықпен қарауға баулу. Оларды ұқыпты ұстауға тәрбиелеу Құрастыру Тақырыбы:«Балабақша айналасындағы қақпалар» Мақсаты: Төртбұрыш пішіні бойынша кірпіштерді белгілі бір арақашықтықта орналастыру арқылы құрылыс салуға үйрету. Тиянақты жұмыс жасауға тәрбиелеу.	Сурет салу Тақырыбы:«Түрлі түсті қарындаштар» Мақсаты: Балаларды түзу бағытында жүргізуге үйрету. Шығармашылық қабілетін дамыту. сызықтарды жоғарыдан төмен Ұқыптылыққа тәрбиелеу. 1.Музыка Тақырыбы: «Мен бақшаға барамын» Мақсаты: Балалардың музыкаға деген құштарлығын арттыру, балалардыңсүйікті әндерін айтғызу. Аппликация Тақырыбы: «Түрлі түсті доптар» Мақсаты:Балаларға ойыншық туралы түсінік бере отырып, түрлі түсті дөңгелектерді қағаз бетіне бағдарлай отырып жапсыруға үйрету.	

II апта	Менің сүйікті ойыншықтарым 1.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Сылдыр, сылдыр, сылдырмақ» Мақсаты:Сапта бірінің артынан бірі жүру және жүгіру. Қос аяқпен басты затқа тигізіп секіру. Қарама-қарсы отырып, аяқты алшақ ұстап допты домалату. 2.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Сылдыр, сылдыр, сылдырмақ» Мақсаты:Сапта бірінің артынан бірі жүру және жүгіру. Қарама-қарсы отырып, аяқты алшақ ұстап допты домалату. «Жыланша» арасы алшақ тұрған заттар арасымен еңбектеу. 3.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Сылдыр, сылдыр, сылдырмақ» Мақсаты:Сапта бірінің артынан бірі жүру және жүгіру. «Жыланша» арасы алшақ тұрған заттар арасымен еңбектеу. Қарама-қарсы отырып, аяқты алшақ ұстап допты домалату	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы:«Ойыншықтар әлемі» Мақсаты: Ойыншықтар туралы әңгіме құрастыруға, ойыншықтың аттарын атай білуге, оларды сипаттап айтуға үйрету. «Н» дыбысын қайталату, дұрыс айтуын жаттықтыру. Ойыншықтарды күтіп, ұқыпты ұстауға тәрбиелеу. Орыс тілі Тақырыбы: «Любимые игры, игрушки» Мақсаты: Закрепить знания об игрушках, ввести в активную речь новые слова. Воспитывать бережное отношение к игрушкам. /Мяч, кукла, медведь, заяц, кошка/	Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру Тақырыбы:«Қуыршақтарды ойнатамыз» Мақсаты: «Көп», «Біреу» ұғымдарын бекіту, заттарды бір қатарға реттілікпен солдан оңға қарай орналастыруды үйрету. Жаратылыстану Тақырыбы:«Қуыршақ бізде қонақта» Мақсаты: Өздеріңе ұнаған ойыншыққа зерттеу жүргізіп, әңгімелеп айтып беруге үйрету. Балалардың мінез құлқына қарапайым әдеп ережелерін (ойыншықтармен бөлісу) Ойын барысында ойыншықтарға ұқыптылықпен, жанашырлықпен әрекет ете білуге баулу.	Сурет салу Тақырыбы:«Қуыршаққа арналған сақина» Мақсаты: Дөңгелек пішінді заттардың суретін салуды үйрету. Екі түрлі қылқаламмен жұмыс істеуді шығармашылық қабілеттерін ой қиялын дамыту. Музыка Тақырыбы: «Кір қуыршақ» Мақсаты: Қуыршақ арқылы балаларды ұқыптылыққа тәрбиелеу, музыкалық қабілетін дамыту. Музыка Тақырыбы: «Кір қуыршақ» Мақсаты: Қуыршақ арқылы балаларды ұқыптылыққа тәрбиелеу, музыкалық қабілетін дамыту.	Қоршаған ортамен танысу Тақырыбы: «Біздің топтың ойыншықтары» Мақсаты: Балаларды топтағы ойыншықтармен және олардың қасиеттерімен таныстыру. Ойыншықтарды көріп, олардың аттырын атап, үлкен кіші екенін ажырата білуге үйрету. Ойыншықтарды күтіп ұстауға тәрбиелеу.
---------	---	--	---	--	---

Ш апта	Біздің табиғат бұрышымыз	1.Дене шынықтыру Тақырыбы:«Тауық балапандарымен» Мақсаты:Тізені жоғары көтеріп жүру және аяқтың ұшымен жүгіру. Қарама-қарсы отырып, аяқты алшақ ұстап допты домалату. Төптендікті сақтай отырып, бір-бірінен 10 см қашықтықта орналасқан тақтай бойымен жүру. 2.Дене шынықтыру Тақырыбы:«Тауық балапандарымен» Мақсаты:Тізені жоғары көтеріп жүру және аяқтың ұшымен жүгіру. Төптендікті сақтай отырып, бір-бірінен 10 см қашықтықта орналасқан тақтай бойымен жүру. 2-3 м қашықтыққа алға жылжи отырып секіру. 3.Дене шынықтыру Тақырыбы:«Тауық балапандарымен» Мақсаты:Тізені жоғары көтеріп жүру және аяқтың ұшымен жүгіру. 2-3 м қашықтыққа алға жылжи отырып секіру. Қарама-қарсы отырып, аяқты алшақ ұстап допты домалату	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы:«Күз келді» (сурет бойынша әңгімелеу) Мақсаты: Педагогтің көмегімен табиғат көріністерін сипаттау бойынша қысқа әңгіме құрастыруға үйретуді жалғастыру. Қимыл әрекеті білдіретін етістіктерді дұрыс тандап, оларды қолдана білуге үйрету. Балаларды жұмбақ шешкізу арқылы ойлау қабілетін дамыту. Сөйлем құрастыру арқылы сөздік қорларын молайту. Табиғатты аялауға үйрету. Көркем әдебиет Тақырыбы:«Гүлдер, гүлдер көп гүлдер» Т.Молдағалиев Мақсаты: Балаларды гүл түрлерімен таныстыра отырып, оларды күтіп баптауға үйрету. Өлеңді жаттап, мәнерлеп айтуға жаттықтыру.	Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру Тақырыбы:«Құстарды санап үйренеміз» Мақсаты:Балаларды геометриялық пішіндер шеңбер және шаршымен таныстыру, олардың пішінін қолмен ұстап көру арқылы зерттеуге үйрету Жаратылыстану Тақырыбы:«Табиғат бұрышындағы құстарды бақылау» Мақсаты: Балаларды жанды табиғат өкілдерімен таныстыруды жалғастыру. Сөздік қорларын «құстың жүні, мамығы,қанат» деген сөздерімен толықтыру. Жанды табиғат өкілдеріне деген қамқорлық сезімдерін тәрбиелеу. Құрастыру Тақырыбы: «Түрлі түсті жапырақтар» Мақсаты: Балаларды қағазбен жұмыс жасауға дағдыландыру, саусақ бұлшық еттерін дамыту,мкүз көрінісін бейнелей білуге және табиғатқа деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.	Сурет салу Тақырыбы:«Балапан» Мақсаты: Балапан туралы түсініктерін кеңейту. Балапанның қимыл қозғалысын бейнелеп, дене бөліктерін ажырата білуге үйрету. Құстың бейнесін сала білуге үйрету, сурет салуға деген қызығушылықтарын арттыру. Құстарға қамқорлық жасап қорғай білуге тәрбиелеу. Мүсіндеу Тақырыбы: «Тәрелкені мүсіндеу» Мақсаты: Ермексазды екі алақан арасына дөңгелектей отырып, жалпайтуға үйрету. Ұқыптылыққа тәрбиелеу. Музыка Тақырыбы:«Жайлаудағы төлдер» Мақсаты: Музыкаға деген сезімдерін ояту,бәсең және көтеріңкі дыбыстарды айтуға дағдыландыру.	
--------	--------------------------	---	---	---	---	--

IV апта	Үлкендер еңбегін бағалау	1.Дене шынықтыру Тақырыбы:«Аспазшылар» Мақсаты: Аралықты сақтай отырып жүру және жүгіру. 2-3 м қашықтыққа алға жылжи отырып секіру. Допты қақпадан асыра лақтыру. 2. Дене шынықтыру Тақырыбы:«Аспазшылар» Мақсаты: Аралықты сақтай отырып жүру және жүгіру. Допты қақпадан асыра лақтыру. Тепе-теңдікті сақтай отырып, бір-бірінен 10 см қашықтықта орналасқан тақтай бойымен жүру. 3.Дене шынықтыру Тақырыбы:«Аспазшылар» Мақсаты: Аралықты сақтай отырып жүру және жүгіру. Тепе-теңдікті сақтай отырып, бір-бірінен 10 см қашықтықта орналасқан тақтай бойымен жүру. 2-3 м қашықтыққа алға жылжи отырып секіру.	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы:«Аспазшы» (өлең жаттау) Мақсаты: Балаларға аспазшы мамандығы туралы түсінік беру. Шығармашылық тілді дамыта отырып өлеңді жатқа айтуға үйрету, аспазшы еңбегін бағалалы білуге, құрметпен қарауға тәрбиелеу. Орыс тілі Тақырыбы:«Труд взрослых в детском саду» Мақсаты: Познакомить с новыми словами по теме, ввести их в речь детей (труд работа, помощь, воспитатель, нянечка, техничка, повар). Рассказать о работаниках детского сада, об их Развивать внимание и память. Воспитывать любовь и уважение к работникам детского сада.	Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру Тақырыбы: «Асханада» Мақсаты: Ұзындығы бойынша түрлі заттарды салыстыруға, ұзын, қысқа сөздерін қолдануға үйрету. Суретте жеке өзіне тікелей жақын кеңістікті орналастыру бағытын ажырату мен атап көрсету (биік аласа) Таныс заттарды санына қарай салыстыруды жалғастыру. Жаратылыстану Тақырыбы: «Күтушінің еңбегі» Мақсаты:: Балаларға үлкендердің еңбектері туралы түсіндіру. Соның ішіндегі балабақшадағы күтушінің еңбегін айту. Әр заттың өзі адамның еңбегімен жасалғанын түсіндіріп, олардың еңбегін бағалауға үйрету.	Сурет салу Тақырыбы:«Алжапқышты әшекелеу» Мақсаты: Балаларды қағаз түрлерімен және түрлі түсті карандаштармен таныстыруды жалғастыру. Сурет салуға қызығушылықтарын арттыру, қарындашты оң қолмен ұстауға үйретіп жаттықтыру. Шығармашылық қабілетін дамыту. Дөңгелек таяқшаларды салуға үйрету. 1.Музыка Тақырыбы:«Жау,жау жаңбыр» Мақсаты: Музыканы тыңдау,есте сақтау,әнді айту,дауыстың биік және төмен ырғақтарын ажырату 2.Музыка Тақырыбы:«Жау,жау жаңбыр» Мақсаты: Музыканы тыңдау,есте сақтау,әнді айту,дауыстың биік және төмен ырғақтарын ажырату	Экология негіздері Тақырыбы:«Үлкен дер еңбегін бағалау» Мақсаты: Әсем табиғат аясында көктем мезгілінің ерекшеліктерін еске түсіре отырып айналада болып жатқан құбылыстар жайлы түсінік беру. Үлкендер еңбегі туралы түсіндіру. Табиғаттың әдемілігін сезініп, оны аялай білуге, қорғауға, қайырымдылыққа тәрбиелеу.
---------	--------------------------	---	---	---	--	---

Екінші кіші топ 2019 жыл қазан айы

Өтпелі тақырып «Менің отбасым»

Мақсаты: балалардың отбасы туралы түсініктерін қалыптастыру, отбасы мүшелерін ажырата білуге, оларды жақсы көруге, көмек беруге үйрету. Туыстық байланыс туралы түсініктерін дамыту: ана-әке, аға-апа, ата-әже;

Міндеттері:

- отбасы туралы алған білімдерін кеңейту, сөздік қорларын, танымдық қабілеттерін дамытуға ықпал ететін ойын түрлерін ұйымдастыру;
- денсаулық сақтау технологияларын қолдана отырып, балалардың дене дағдылары мен негізгі қимыл түрлерін жетілдіру;
- отбасы мүшелеріне сүйіспеншілік пен сыйластыққа тәрбиелеу;

Апта	Тақырып	«Денсаулық»-3 Дене шынықтыру-3	«Коммуникация»-2 Сөйлеуді дамыту-1 Көркем әдебиет-0,5 Орыс тілі-0,5	«Таным»-2,5 Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру-1 Құрастыру-0,5 Жаратылыстану-1	«Шығармашылық»-3 Сурет салу-1 Мүсіндеу-0,25 Аппликация-0,25 Музыка-1,5	«Әлеумет»-0,5 Қоршаған ортамен танысу-0,25 Экология негіздері- 0,25
I апта	Менің отбасым	1.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Кішкентай спортшылар» Мақсаты: Тапсырманы орындай отырып, сапта бір-біреуден жүру және жүгіру. 2-3 м қашықтыққа алға жылжи отырып секіру. Қарамақарсы отырып, аяқты алшақ ұстап допты домалату. 2.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Кішкентай спортшылар» Мақсаты: Тапсырманы орындай отырып, сапта бір-біреуден жүру және жүгіру. Қарама-қарсы отырып, аяқты алшақ ұстап допты домалату. Қос аяқпен басты затқа тигізіп секіру. 3.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Кішкентай спортшылар» Мақсаты: Тапсырманы орындай отырып, сапта бір-біреуден жүру және жүгіру. Қос аяқпен басты затқа тигізіп секіру. Тепе-теңдікті сақтай отырып, бір-бірінен 10 см қашықтықта орналасқан тақтай бойымен жүру	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы:«Әкем, анам және мен тату тәтті отбасы» Мақсаты: Балаларға ата аналары, туыстары жайында сурет көрсетіп еңгімелеу арқылы отбасы мағынасын түсіндіру, әке мен ананың отбасындағы ролі туралы мағұлмат беру. Отбасы туралы ұғымдарын тереңдете түсу үшін әке анасы қайда не істейтіні, мамандығы, олардың еңбегін қадірлеуге тәрбиелеу. Көркем әдебиет Тақырыбы: «Ата» М.Жаманбалинов. Мақсаты: Жалпы отбасы туралы түсінік беру, соның ішіндегі әже туралы мағұлмат айту. Үлкенді сыйлауға, кішіге қамқор болуға тәрбиелеу.	Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру Тақырыбы:«Біздің үй ішінде» Мақсаты: Отбасы туралы білімдерін тиянақтай отырып, бір затты екіншісіне беттестіру, жанына қойып тұтастыру арқылы салыстыруға үйрету. Құрастыру Тақырыбы:«Менің үйім» Мақсаты: Балаларды құрылыс материалдарының бірнеше бөліктерін құрастырып жұмыс жасауға үйрету, олардың түсін, пішінін, көлемін ажырата білуге дағдыландыру. Педагогтің ұсынған шарты бойынша құрылыс материалдарын кеңістікте дұрыс орналастыра отырып, үйді құрастыра білуге үйрету. Жаратылыстану Тақырыбы:«Менің отбасым» Мақсаты: Өрбір баланың өз жақын адамдары оның отбасы болатыны жайында түсінік беру. Ата аналарының аттарын есте сақтау. Достық қарым қатынасқа тәрбиелеу.	Сурет салу Тақырыбы:«Атамың тақиясы» Мақсаты: Балаларды жарты шеңбер пішінді дайын тақияны безендіруге үйрету. Өрнектерді қылқаламмен бояу арқылы эстетикалық талғамының дамуына мүмкіндік туғызу. Бояудың түсін таңдай білуге, көркемдік талғампаздыққа тәрбиелелу. 1. Аппликация Тақырыбы: «Менің көшемедегі көліктер» (ұжымдық жұмыс) Мақсаты: Балардың көргендерін естеріне ала отырып, берілген пішіндерден көлікті құрастыра отырып жапсыруға үйрету, ұжымдық жұмыс жасай отырып, ұқыптылыққа тәрбиелеу. 2.Музыка Тақырыбы: «Әй-эй ата» Мақсаты: Балалардың музыкаға деген құштарлығын арттыру, балалардыңсүйікті әндерін айтғызу.	

II апта	Менің көшем	1.Дене шынықтыру Тақырыбы:«Көшеде» Мақсаты: Тапсырманы орындай отырып, сапта бірінің артынан бірі жүру және жүгіру. бір-бірінен 10 см қашықтықта орналасқан тақтай бойымен жүру. Қос аяқпен басты затқа тигізіп секіру. 2.Дене шынықтыру Тақырыбы:«Көшеде» Мақсаты: Тапсырманы орындай отырып, сапта бірінің артынан бірі жүру және жүгіру. Қос аяқпен басты затқа тигізіп секіру. Қарамақарсы отырып, аяқты алшақ ұстап допты домалату. 3.Дене шынықтыру Тақырыбы:«Көшеде» Мақсаты: Тапсырманы орындай отырып, сапта бірінің артынан бірі жүру және жүгіру. Қарама-қарсы отырып, аяқты алшақ ұстап допты домалату. «Жыланша» арасы алшақ тұрған заттар арасымен еңбектеу.	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы:«Көп қабатты үйлер» Мақсаты: Өзінің тұрған қаласы туралы білуге үйрету. Көшелермен таныстыра отырып, көше аттарын дұрыс атауға тілдерін үйрету. Орыс тілі Тақырыбы: «Моя улица» Мақсаты: Научить рассказывать о своем городе,о своей улице.Воспитывать любовь к родине.Уметь правильно строить предложение.Расширить словарный запас детей (улица,магазин,дорога,школа,машина,остановка).	Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру Тақырыбы: «Үлкен кіші үйлер» Мақсаты: Заттар жиынтығын салыстыруды бір зат қайда, көп зат қайда тұрғанын ажыратуды үйрету. Геометриялық пішін үшбұрышпен таныстыру, түйсіну және көру арқылы пішін түрлерін зерттеу Жаратылыстану Тақырыбы: «Көшедегі көліктер» Мақсаты: Көше көліктерінің түрлерімен таныстыра отырып, бір бірінен ажырата білуге үйрету, көліктердің қоршаған ортаға тигізер зияны да бар екенін түсіндіру. Көлік жүргізушілерінің еңбегін бағалай білуге тәрибелеу.	Сурет салу Тақырыбы: «Жүк көлігі» Мақсаты: Балалардың бояумен сурет салуға қызығушылықтарын арттыру. Төртбұрыш, үшбұрыш пішіндерді ажырата отырып, әдемі бояуға, ұқыпты жұмыс жасауға тәрбиелеу. Ұқыптылыққа тәрбиелеу. 1.Музыка Тақырыбы: «Ақ әжем» Мақсаты: Қуыршақ арқылы балаларды ұқыптылыққа тәрбиелеу,музыкалық қаблетін дамыту. 2.Музыка Тақырыбы: «Ақ әжем» Мақсаты: Қуыршақ арқылы балаларды ұқыптылыққа тәрбиелеу,музыкалық қаблетін дамыту.	Қоршаған ортамен таныстыру Тақырыбы: «Туған қалаға саяхат» Мақсаты: Балаларды туған қаламен таныстыру. (атауы, көшелер, ғимараттар, көрікті нысандар, балабақша, мектеп) т.б.
---------	-------------	---	--	---	---	---

ІІІ апта	Мамандықтың бәрі жақсы	1.Дене шынықтыру Тақырыбы:«Құрылысшылар» Мақсаты: Тізені жоғары көтеріп жүру және аяқтың ұшымен жүгіру. «Жыланша» арасы алшақ тұрған заттар арасымен еңбектеу. Тепетендікті сақтай отырып, бірбірінен 10 см қашықтықта орналасқан тақтай бойымен жүру. 2.Дене шынықтыру Тақырыбы:«Құрылысшылар» Мақсаты: Тізені жоғары көтеріп жүру және аяқтың ұшымен жүгіру. Тепетендікті сақтай отырып, бірбірінен 10 см қашықтықта орналасқан тақтай бойымен жүру.2-3 м қашықтыққа алға жылжи отырып секіру. 3.Дене шынықтыру Тақырыбы:«Құрылысшылар» Мақсаты: Тізені жоғары көтеріп жүру және аяқтың ұшымен жүгіру. 2-3 м қашықтыққа алға жылжи отырып секіру. «Жыланша» арасы алшақ тұрған заттар арасымен еңбектеу	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы:«Дәрігер» Е.Өтетілеу Мақсаты: Балаларға дәрігер туралы түсінік беру, өлең сөздің мәтінін түсіне білуге, есте сақтауға және жаттатуға үйрету. Мамандыққа деген ілтипат білдіруге қызығушылығын арттыру. Ақын туындыларына деген көтеріңкі көңіл күйді қалыптастыруға баулу. Іс-қимыл әрекеттердің атауы, сөздерін қолдану арқылы сөздік қорларын дамыту. Көркем әдебиет Тақырыбы: «Жұмыстың бәрі жақсы» М. Әлімбаев. Мақсаты: Қоршаған ортаның жан жақтылығы жайлы түсініктерін көркем туындылар арқылы кеңейту. Туынды кейіпкерлерінің іс-әрекетін бағалау, алған әсерлерін өз ойларымен айтып беру білімін дамыту.Үлкендердің еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.	Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру Тақырыбы: «Құрылысшы» Мақсаты:«Бір-бірден», «бірде біреуі жоқ» ұғымдары туралы түсінік қалыптастыру, заттарды бір қатарға реті бойынша бір бағытта солдан оңға қарай оң қолымен орналастыруды бекіту. Құрастыру Тақырыбы:«Көп қабатты үйлер» Мақсаты: құрылыс материалдарынан биік көп қабатты үйлерді құрастыру дағдысын қалыптастыру; Жаратылыстану Тақырыбы:«Кім боламын?» Мақсаты: Мамандықтар туралы түсінік беру, әр түрлі мамандықтармен таныстыру. Есту зейінін жетілдіру,сөйлеуді нақышымен айқын сөйлеу,заттың атынан әрекеттер жасай білуге үйрету,қоршаған орта нысандарына деген танымдық қызығушылықтыдамыту,адам еңбегінің қарапайым заңдылықтары мен тәуелділіктері туралы түсінуге,еңбектің қошаған өмірдегі мағынасын түсінуге үйрету	Сурет салу Тақырыбы: «Күлдіргенге арналған шығыршықтар» Мақсаты: балаларға цирк туралы мағұлмат беру; түрлі түсті бояуларды пайдалана отырып, күлдіргенге арналған шығыршықтарды салуға үйрету; негізгі түстерді бекіту; Мүсіндеу Тақырыбы:«Санырауқұлақ» Мақсаты: Ермексаздан екі алақан ортасында ерсілі қарсылы дөңгелектеу, жалпайту әдістері арқылы мүсіндей отырып, қосу арқылы бүтін зат шығаруға үйрету. Ұқыптылыққа тәрбиелеу. Музыка Тақырыбы: «Нота үйренейік» Мақсаты: Музыкаға деген сезімдерін ояту,бәсең және көтеріңкі дыбыстарды айтуға дағдыландыру.	
----------	------------------------	---	---	--	---	--

IV апта	Алтын күз	1.Дене шынықтыру Тақырыбы:«Күзгі баққа барамыз» Мақсаты: Аралықты сақтай отырып жүру және жүгіру. 2-3 м қашықтыққа алға жылжи отырып секіру. Допты қақпадан асыра лақтыру. 2.Дене шынықтыру Тақырыбы:«Күзгі баққа барамыз» Мақсаты: Аралықты сақтай отырып жүру және жүгіру. Допты қақпадан асыра лақтыру. Тепетендікті сақтай отырып, бірбірінен 10 см қашықтықта орналасқан тақтай бойымен жүру. 3.Дене шынықтыру Тақырыбы:«Күзгі баққа барамыз» Мақсаты: Аралықты сақтай отырып жүру және жүгіру. Тепе-теңдікті сақтай отырып, бір-бірінен 10 см қашықтықта орналасқан тақтай бойымен жүру. 2-3 м қашықтыққа алға жылжи отырып секіру.	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы:«Күзгі табиғат» (сурет бойынша әңгіме) Мақсаты: Күз туралы түсініктерін кеңейту, әңгімелесу кезінде берілген сұрақтарды тыңдауға және түсінуге, күзгі табиғаттағы,ауа райындағы өзгерістерді байқай отырып, артикуляциялық және дауыс аппараттарын дамыту. Тақырыпқа сәйкес шағын тақпақ жаттату. Орыс тілі Тақырыбы:«Золотая осень» Мақсаты: Расширить словарный запас детей,ознакомить с основными приметами осени,показать пояснительные конструкции,почему об осени говорят-«Золотая осень». Научить детей называть времена года,признаки времен года.Развивать мышление,воображение.Пополнить словарный запас детей (осень,дождь,желтые листья,ветер,овощи,фрукты).	Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру Тақырыбы:«Жоғарыда төменде» Мақсаты:Биіктігі мен қалыңдығы бойынша бірдей және қарама-қарсы заттарды салыстыруға үйрету Ұқыптылыққа, ептілікке баулу. Жаратылыстану Тақырыбы: «Міне,осындай Алтын күз» Мақсаты: Балалардың санасында күз маусымда жанды және жансыз табиғатта болатын алғашқы өзгерістер туралы түсінік қалыптастыру. Ауа райы жағдайын анықтау, бақылау қабілетін дамыту, қарапайым экологиялық мәдениет қалыптастыру.	Сурет салу Тақырыбы: «Күзгі жаңбыр» Мақсаты: Күз туралы мағұлмат беру. Қылқаламды оң қолдың үш саусағымендұрыс ұстауды, қылқаламның ұшымен бір бағытта ырғақты түрде сілтей жағу жолымен жаңбыр тамшыларын салуды үйрету; көк түсті білуді бекіту; қолдың ұсақ қимылдарын дамыту 1.Музыка Тақырыбы:«Күз жомарт» Мақсаты: Музыканы тыңдау,есте сақтау, әнді айту,дауыстың биік және төмен ырғақтарын ажырату. 2.Музыка Тақырыбы:«Күз жомарт» Мақсаты: Музыканы тыңдау,есте сақтау, әнді айту,дауыстың биік және төмен ырғақтарын ажырату..	Экология негіздері Тақырыбы: «Күз сыйлықтары» Мақсаты: Көкіністер мен жемістер туралы білімдерін кеңейту, тазалық және салауатты өмір салтын ұстануға, өз денсаулығын көңіл бөлуге дағдыландыру.
---------	-----------	---	--	--	---	--

Екінші кіші топ 2019 жыл қараша айы

Өтпелі тақырып «Дені саудың жаны сау»

Мақсаты: Балаларға денсаулық сақтау, шынығу және дәрумендердің адам ағзасына пайдалы екенін түсіндіру. Таза жүру, жеке бас гигиенасын сақтау ережесін үйрету.

Міндеттері:

- шынықтыру-сауықтыру шаралары арқылы балаларды мықтылыққа, шымырлыққа тәрбиелеу, дербес қимыл белсенділігін дамыту;
- дұрыс тамақтану жолдарын насихаттау арқылы алғашқы түсініктерін қалыптастыру;
- әңгімелеу, қызықты ойындар ұйымдастыру арқылы балалардың ертегі және шағын әңгімелердің мазмұнын түсінуіне ықпал жасау;

Апта	Тақыры	«Денсаулық»-3 Дене шынықтыру-3	«Коммуникация»-2 Сөйлеуді дамыту-1 Көркем әдебиет-0,5 Орыс тілі-0,5	«Таным»-2,5 Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру-1 Құрастыру-0,5 Жаратылыстану-1	«Шығармашылық»-3 Сурет салу-1 Мүсіндеу-0,25 Аппликация-0,25 Музыка-1,5	«Әлеумет»-0,5 Қоршаған ортамен танысу-0,25 Экология негіздері-0,25
І апта	Пайдалы көкіністер	1. Дене шынықтыру Тақырыбы:«Күзгі баққа барамыз» Мақсаты: Аралықты сақтай отырып жүру және жүгіру. Допты қақпадан асыра лақтыру. Тепетендікті сақтай отырып, бірбірінен 10 см қашықтықта орналасқан тақтай бойымен жүру. 2. Дене шынықтыру Тақырыбы:«Күзгі баққа барамыз» Мақсаты: Аралықты сақтай отырып жүру және жүгіру. Допты қақпадан асыра лақтыру. Тепетендікті сақтай отырып, бірбірінен 10 см қашықтықта орналасқан тақтай бойымен жүру. 3. Дене шынықтыру Тақырыбы:«Күзгі баққа барамыз» Мақсаты: Аралықты сақтай отырып жүру және жүгіру. Допты қақпадан асыра лақтыру. Тепетендікті сақтай отырып, бірбірінен 10 см қашықтықта орналасқан тақтай бойымен жүру.	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Күзгі бақта» Мақсаты: Күз мезгілінің ерекшеліктерін айта отырып, бақта өсетін көкіністерді де таныстыру. Сурет бойынша екі үш сөзден тұратын жәй сөйлем құрастыруға үйрету. Көркем әдебиет Тақырыбы:«Қияр мен қырыққабат» ертегі Ө.Күмісбаев Мақсаты: Балаларға көкіністерді таныстыра отырып, оларға ертегіні баяндап оқып беру. Көкіністерді ажырата біліп, ертегіні сахналауға дағдыландыру.	Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру Тақырыбы: «Не қайда өседі?» д/о Мақсаты: Балаларды көкіністермен таныстыра отырып, олардың түсін, пішінін ажыратып білуге үйрету. Үлкен және кіші ұғымын бекіту. Дидактикалық ойын арқылы ойлау қабілеттерін арттыру. Жаратылыстану Тақырыбы:«Бақшаға барамыз, көкіністер аламыз» Мақсаты: Балаларға көкіністердің бақшада өсетінін түсіндіру. Көкіністерді сезім мүшелері (көру, дәм сезу, сипап) арқылы пішінін, дәмін анықтай білуге үйрету. Көкіністердің адам ағзасына пайдалы екендігін айтып түсіндіру. Құрастыру Тақырыбы:«Көкіністер» Мақсаты: Балаларға көкіністерді ажырата білуге үйрету. Көкіністер бейнесін құрастыру, көкіністердің пішінін қиылған кесінділерден құрастыруға үйрету.	Сурет салу Тақырыбы: «Сәбіз» Мақсаты: Балаларға сәбіз туралы мағұлмат беру. Сәбіздің пішінін ажыратуға үйрету. Акварельмен жұмыс ісеу машығын дамыту. Ұқыптылыққа тәрбиелеу. Аппликация Тақырыбы:«Кірпіге арналған алмалар» Мақсаты: Жемістер туралы түсініктерін кеңейту. Дайын түрлі түсті дөңгелектерді кеңістікті бағдарлай отырып, жапсыруға үйрету. Ұқыптылыққа тәрбиелеу. Музыка Тақырыбы:«Күз жомарт» Мақсаты: Музыканы тыңдау, есте сақтау, әнді айту, дауыстың биік және төмен ырғақтарын ажырату.	

II апта	Жеміс бағында	1.Дене шынықтыру Тақырыбы:«Жеміс саябағында» Мақсаты: Қол мен аяқ қозғалыстарын үйлестіріп жүру және жүгіру. Допты екі қолымен көкірек тұсынан лақтыру. 40 см биіктіктегі доғамен еңбектеу. 2.Дене шынықтыру Тақырыбы:«Жеміс саябағында» Мақсаты: Қол мен аяқ қозғалыстарын үйлестіріп жүру және жүгіру. 40 см биіктіктегі доғамен еңбектеу. Еңіс тақтай бойымен жүруде тепе-теңдікті сақтау. 3.Дене шынықтыру Тақырыбы:«Жеміс саябағында» Мақсаты: Қол мен аяқ қозғалыстарын үйлестіріп жүру және жүгіру. Еңіс тақтай бойымен жүруде тепе-теңдікті сақтау. Екі қолмен жоғары бастан асыра лақтыру.	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Бау бақшаға саяхат» Мақсаты: Күз мезгілінде пісетін жемістердің түрлерімен таныстырып, олардың түстерін, пішіндерін ажырата білуге үйрету. Қамқорлыққа, тазалыққа тәрбиелеу. Орыс тілі Тақырыбы:«Фруктовый сад» Мақсаты: Ввести новые слова в активный словарь детей: фруктовыйсад, яблоня, груша, апельсин, лимон, деревья. Объяснить почему сад называют фруктовым, какие деревья растут в фруктовом саду. Учить детей трудолюбию, помогать старшим. Развивать интерес к окружающему миру.	Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру Тақырыбы:«Ыдыстағы жемістер» Мақсаты: Жемістерді бақылай отырып, қанша, сонша ұғыммен таныстыру. Дөңгелек, сопақша пішіндерін таныстыру. Дөңгелек пішін туралы білімдерін бекіту. Жаратылыстану Тақырыбы: «Жеміс толы себет» Мақсаты: Жемістің бірнеше түрі жайлы түсінігін жүйелендіру, олардың өсіру тәсілдері туралы түсінігін кеңейту. Есте сақтау зейін қою, ойлау қабілетін дамыту. Қарапайым зерттеу жұмыстарымен айналысу қабілетін қалыптастыру.	Сурет салу Тақырыбы: «Тәрелкедегі алмалар» Мақсаты: Балаларға қылқаламмен дайын тәрелкенің бетіне алмаларды салуға үйрету. Балаларға суретке деген қызығушылығын арттырып, ұқыптылыққа тәрбиелеу. 1.Музыка Тақырыбы:«Бұл қай кезде болады?» Мақсаты: Балаларды ұқыптылыққа тәрбиелеу, музыкалық қабілетін дамыту. Әуенді сергек айту, тыңдау, ойын-қимыл арқылы ырғақты сезіндіру. 2. Музыка Тақырыбы:«Бұл қай кезде болады?» Мақсаты: Балаларды ұқыптылыққа тәрбиелеу, музыкалық қабілетін дамыту. Әуенді сергек айту, тыңдау, ойын-қимыл арқылы ырғақты сезіндіру.	Қоршаған ортамен танысу Тақырыбы: «Күз сыйы. Жемістер» Мақсаты: Балаларға жемістер туралы түсінік беру. Жемістердің бақшада өсетіні туралы түсініктерін таныту. Жемістерді бір бірінен ажырата білуге дағдыландыру. Жемістердің пайдасы туралы айту.
---------	---------------	---	--	--	--	--

III апта	Өзім туралы. Менің көмекшілерім	1.Дене шынықтыру Тақырыбы:«Мен мықтымын» Мақсаты: Сапқа бір-бірден, шеңберге шағын топпен қайта тұру. Екі қолмен жоғары бастан асыра лақтыру. Еңіс тақтай бойымен жүруде тепе-теңдікті сақтау. 2.Дене шынықтыру Тақырыбы:«Мен мықтымын» Мақсаты: Сапқа бір-бірден, шеңберге шағын топпен қайта тұру. Еңіс тақтай бойымен жүруде тепе-теңдікті сақтау. Еңіс тақтай бойымен еңбектеу. 3.Дене шынықтыру Тақырыбы:«Мен мықтымын» Мақсаты: Сапқа бір-бірден, шеңберге шағын топпен қайта тұру. Тұрған орнынан ұзындыққа секіру. Допты жоғарыға лақтыру.	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы:«Менің көмекші мүшелерім» Мақсаты: Өзінің дене мүшесін ажыратып атауға, дене мүшелерінің атқаратын қызметтерін айтуға, сөздерді жіктелуіне қарай байланыстыруға үйрету. Көркем әдебиет Тақырыбы: «Шалқан» ертегісі Мақсаты: Балаларды кейіпкерлердің әрекеттерін, жүріс тқырыс талдауға, оларға қабылданған ережелерге сәйкес баға беруге үйрету. Бір біріне әрдайым көмектесуге тәрбиелеу.	Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру Тақырыбы: «Оң жақта, сол жақта» Мақсаты: Балаларда кеңістік бағыты болатыны туралы түсінік беру. Сурет бойынша заттың қайда тұрғанын оң,сол, төмен, жоғары ұғымдарын ажырата білуді үйрету. Құрастыру Тақырыбы:«Өз орнына орналастыр» Мақсаты: Балаларға әртүрлі түстегі және пішіндегі бөлшектерді өз орнына орналастыра отырып, қуыршақты киіндіруге үйрету. Түрлі тәсілдерді пайдалануға немесе үлгі бойынша құрастыруға жаттықтыру. Жаратылыстану Тақырыбы: «Мен. Менің дене мүшелерім» Мақсаты: Өзі туралы түсінік беру. Балаларға өзінің есімін атауға ұл және қыз ерекшеліктерін ажырата білуге өзара сыйластыққа үйрету. Дене мүшелерімен таныстыру (аяқ, қол, мұрын, құлақ). Өз дене мүшелерінің өзіне қызмет ететіндігін айту.	Сурет салу Тақырыбы: «Алақан суретін салу» Мақсаты: Балаларға дене мүшелері туралы мағұлмат бере отырып, алақанын бояуға батырып қағаз бетіне бастыруға үйрету. Ұқыптылыққа тәрбиелеу. Мүсіндеу Тақырыбы:«Күн» Мақсаты: Балаларға күн туралы айта отырып, оның бізге берер пайдасын түсіндіріп жеткізу. Ермексазды алақан арасымен дөңгелектеу арқылы жалпақтап мүсіндеу және оған есу арқылы ұзын таяқшалар жасау. Шығармашылыққа баулу. Ұқыптылыққа тәрбиелеу Музыка Тақырыбы:«Ақ тиін» Мақсаты: Музыкаға деген сезімдерін ояту,бәсең және көтеріңкі дыбыстарды айтуға дағдыландыру.Сюжетті-рольді ойындарға қатысуға қаблеттерін әрі қарай дамыту, әуенді есту,сезіну,әнді бірге бастап,бірге аяқтап хормен айтуға үйрету.	
----------	---------------------------------	--	--	---	---	--

IV анта	Күн, су, ауа - біздің достарымыз	1.Дене шынықтыру Тақырыбы:«Шынығамыз күнде біз» Мақсаты: Шеңбер бойлап және тоқтап жүру және жүгіру. Допты жоғарыға лақтыру. Бөрененің үстімен еңбектеу. 2.Дене шынықтыру Тақырыбы:«Шынығамыз күнде біз» Мақсаты: Шеңбер бойлап және тоқтап жүру және жүгіру. Бөрененің үстімен еңбектеу. Биіктігі 5-10 см заттан жерге секіру. 3.Дене шынықтыру Тақырыбы:«Шынығамыз күнде біз» Мақсаты: Шеңбер бойлап және тоқтап жүру және жүгіру. Биіктігі 5-10 см заттан жерге секіру. Еңіс тақтай бойымен еңбектеу.	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Қуыршақ Айгүлді серуенге шығарамыз» Мақсаты: Балаларды күз мезгілің ерекшеліктерімен таныстыру, сурет бойынша әңгіме құрап айтуға үйрету, балаларды жыл мезгіліне сай киінуге тәрбиелеу. Орыс тілі Тақырыбы: «Солнце,воздух и вода» Мақсаты: Солнце,воздух и вода наши лучшие друзья» пот таким лозунгом воспитывать в детях вести здоровый образ жизни.Заниматься спортом:бегать,купаться,делать по утрам зарядки.Посещать спортивные кружки.Пополнить словарный запас (бег,спорт,купаться,мяч,брусья)Активизировать и обогащать словарный запас детей,учить правильно выговаривать слова,развивать монологическую речь.Воспитывать детей беречь окружающую среду.Объяснить детям,о том как важна человеку:воздух,вода,земля.	Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру Тақырыбы: «Серуенде» Мақсаты: Қанша, қайда сұрақтарын түсінуге үйрету. Бір,көп ұғымдарымен таныстыру және сөйлеу барысында қолдануға үйрету. Айналадағы таныс заттарды санына қарай салыстыруды, айналасындағы бірдей бір және көп затты таба білу дағдысын арттыру. Жаратылыстану Тақырыбы: «Тіршілік көзі» Мақсаты: Балаларды табиғатпен таныстыра отырып, күн, су, ауа туралы түсінік беру. Олардың адам өміріне берер пайдасы туралы айтып және қасиет ерекшеліктерін атап кету.	Сурет салу Тақырыбы: «Күн сәулесі» Мақсаты: Балалардың бояумен сурет салуға қызығушылықтарын арттыру. Дөңгелек затты түрлі бағыттағы түзу сызықтармен үйлестіріп салу біліктіліктерін арттыру. Шеңберден шығармай бояуға үйрету.Ұқыптылыққа тәрбиелеу. 1.Музыка Тақырыбы: «Көңілді достарымыз» Мақсаты: Музыканы тыңдау,есте сақтау,әнді айту,дауыстың биік және төмен ырғақтарын ажырату. 2.Музыка Тақырыбы: «Көңілді достарымыз» Мақсаты: Музыканы тыңдау,есте сақтау,әнді айту,дауыстың биік және төмен ырғақтарын ажырату.	Экология негіздері Тақырыбы: «Табиғат құбылыстары» Мақсаты: Күн, су, ауа туралы білім бере отырып, олардың табиғатта болатын құбылыстарына қызығушылықтарын арттыру.Табиғат құбылыстарын бақылай отырып, ауа райын жағдайын анықтауға үйрету.
---------	----------------------------------	--	--	---	--	---

Екінші кіші топ 2019 жыл желтоқсан айы

Өтпелі тақырып «Менің Қазақстаным»

Мақсаты: Балалардың бойында рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру, олардың патриоттық сезімдерін оятуға ықпал жасау. Туған өлкелерінің ерекшеліктері туралы түсініктерін кеңейту.

Міндеттері:

- Астана қаласымен, мемлекеттік рәміздермен және еліміздің Тұңғыш Президентімен таныстыру;
- туған жерге деген мақтаныштарын, қызығушылықтарын ояту;
- балаларды тыңдаған әңгімелер мен тақпақтардың мазмұнын тыңдай білуге және түсінуге үйрету.

Апта	Тақыры	«Денсаулық»-3 Дене шынықтыру-3	«Коммуникация»-2 Сөйлеуді дамыту-1 Көркем әдебиет-0,5 Орыс тілі-0,5	«Таным»-2,5 Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру-1 Құрастыру-0,5 Жаратылыстану-1	«Шығармашылық»-3 Сурет салу-1 Мүсіндеу-0,25 Аппликация-0,25 Музыка-1,5	«Әлеумет»-0,5 Қоршаған ортамен танысу-0,25 Экология негіздері-0,25
